

Іле аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 37-177 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Іле ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 шілдедегі № 23-90 шешімі . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 21 шілдеде № 28866 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 2-тармағымен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Іле аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Іле ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" Іле аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қаңтардағы №37-177 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5050 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Іле аудандық мәслихатының хатшысы

Р. Абилова